

Астана қаласындағы опера және балет театры туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 1048 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 ақпандағы № 43 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.02.2014 № 43 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі N 416 U000416 _ Жарлығын іске асыру мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 P960281_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Ақ орда" опера және балет театры" қазыналық мемлекеттік кәсіпорны " Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры" қазыналық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Театр) деп қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Астана қаласының әкімімен бірлесіп екі апталық мерзімде Театрды материалдық-техникалық, қаржылық қамтамасыз ету және оның қызметкерлеріне басымдықпен тұрғын үй беру жөніндегі ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін;
осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

